

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Халық банктің Павлодар қаласындағы облыстық филиалын ашу туралы

14 шілде

2014 ж.

Павлодар облысының әкімшілік орталығында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Павлодар облыстық филиалы жаңа ғимаратының салтанатты ашылуы өтті. Аталған салтанатты шараға Халық банкі Директорлар кеңесінің төрағасы Александр Павлов және Басқарма Төрайымы Үміт Шаяхметова, жергілікті мемлекеттік билік органдарының өкілдері, Павлодар қаласының тұрғындары, Халық банкінің клиенттері қатысты.

Бүгінгі күні Павлодар облысының аумағында көп салалы индустриалдық кешен қалыптасты. Өңірдің өндірістік әлеуетін экспортқа бағытталған ірі өнеркәсіптік компаниялар белгілейді. Облыста бес мыңға жуық әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорын белсене жұмыс атқаруда.

Осыған орай Павлодар облыстық филиалының ғимаратын салу Халық банкінің филиалдар желісін дамыту және материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету бойынша бастапқы міндеттерінің бірін іске асырудың маңызды кезеңі болып келді.

Тек қана соңғы төрт жыл ішінде Қазақстан Халық банкі Талдықорған, Семей өңірлік және Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстық филиалдарының, Арыс қаласында және Ақсуат ауылында аудандық басқармалардың (АБ) ғимараттарын салып, қолданысқа енгізуді аяқтады.

Павлодар облыстық филиалы жаңа ғимаратының ауданы 5086.7 ш.м. құрайды. Дербес қызмет көрсету орталығы да осында орналасқан. Клиенттердің ыңғайлылығы үшін ғимараттағы клиенттерге қызмет көрсету аудандары мен кассалық кабиналар саны көбейтілді, 2 банкомат орнатылды, жаңа серверлік бөлме-жай салынды, филиал қызметін үзіліссіз қуатпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

Халық банкінің Павлодар облыстық филиалы өңірдегі банк нарығында жетекші жайғасымдарға ие.

1463 кәсіпорын мен ұйымның жұмыскерлері еңбекақысын Халық банкінің төлем карталары арқылы алады. Бүгінгі күні облыста 117 банкомат орнатылды, олардың 20-сы ауылды жерде.

Филиал шағын және орта бизнес бойынша 500 аса клиентке, операциялық басқарма – заңды тұлға болып табылатын 2600 аса клиентке қызмет көрсетеді.

Қала мен аудандардың есептік-кассалық бөлімшелерінде 42 банк терминалы орнатылған, олар арқылы қолма-қол ақшасыз операцияларды, соның ішінде көптеген салық және бюджеттік төлемдерді жүргізуге болады. Әр түрлі бөлімшелерде, сауда және қызмет көрсету орындарында орналасқан POS-терминалдар саны 734 бірлікті құрайды. 13 бөлімше мен 4 басқарма клиенттерге барынша тез әрі ыңғайлы түрде қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін NEMO Q швед компаниясының электрондық кезек жүйесімен жабдықталған (деректер Екібастұз филиалын есепке алумен берілген).

2011-2014 жылдар аралығында Халық банкі бүкіл ел аумағында жүзден аса өңірлік объектіні қайта құрып, жаңа сатулардың 22 арнасын ашты (соның ішінде Астана, Алматы, Ақтау қалаларында МАИ Мамандырылған ХҚКО жанында).

2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Халық банкінің сатулар арналарының жалпы саны 540 болды, солардың ішінде 22 облыстық және өңірлік филиал, 122 аудандық басқарма және 396 есептік-кассалық орталық (бұл 344 бөлімше, 4 VIP орталық, 48 ДҚО).

Банк, бұрынғыдай, елдегі ең үлкен өзі-өзіне қызмет көрсету құралдар желісіне, ол жыл сайын ұлғайтылып тұрады, осылайша 2014 жылы банк банкоматтар желісін 300 бірлікке көбейтеді. 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша банкоматтар саны 1966 бірлікті құрайтын болды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Баспасөз қызметі

тел. +7 727 2 590 816, www.halykbank.kz